 - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням правил та вимог техніки безпеки;
 - Використання приладу з метою, для якої він не призначений;
 - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
 - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
 - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами*;
 - Пошкоджень виробу при транспортуванні, некоректному його використанні, а також у зв'язку з непередбаченими конструкцією виробу модифікаціями чи самостійним ремонтом.
4. Виробник не несе гарантійні зобов'язання, якщо на виробі відсутня паспортна ідентифікаційна табличка, або дані в ній витерті або виправлені.
5. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

Увага! Виробник не несе відповідальності за можливу шкоду, прямо чи опосередковано завдану виробом POLARIS людям, домашнім тваринам, навколишньому середовищу, або пошкодження майна у випадку, якщо це сталося у результаті недотримання правил або умов експлуатації та встановлення виробу, навмисних та необережних дій споживача та третіх осіб.

З усіх питань, пов'язаних з гарантійним обслуговуванням, перевіркою якості, гарантійним та постгарантійним ремонтом виробів POLARIS звертайтеся до найближчого Авторизованого сервісного центру POLARIS або до продавця – уповноваженого дилера POLARIS.

Гарантійний ремонт виробів POLARIS здійснюють лише Авторизовані сервісні центри POLARIS.

***Адреси авторизованих центрів на сайті Компанії: www.polar.ru**

Для підтвердження дати придбання виробу при гарантійному ремонті або пред'явлення інших передбачених законом вимог просимо Вас зберігати документи про покупку.

Такими документами можуть бути заповнений гарантійний талон POLARIS, касовий чек або квитанція продавця, інші документи, що підтверджують дату та місце покупки.

У разі ненадання документу, що підтверджує дату придбання виробу, строк гарантії вираховується з дати виготовлення виробу.

Дата виготовлення вказана на паспортній ідентифікаційній табличці, що знаходиться на задній стінці виробу.

Электр шырынсыққышы
POLARIS
Үлгісі PSJ 0506
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Мазмұны

Жалпы мәлімет	23
Құрылғының пайдалану аясы	23
Құрылғының сипаттамасы	24
Құрылғының жиынтықтылығы	25
Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау	25
Құрылғыны пайдалану	26
Құрылғыны тазарту және оған күтім көрсету	28
Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері	30
Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар	31
Бұл электр құрылғымен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар	32
Құрылғының техникалық сипаттамалары	33
Құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері	33
Сертификаттау жөніндегі ақпарат	33
Кепілдік міндеттеме	34

Жалпы мәлімет


Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі PSJ 0506 электр шырынсыққыш (бұдан әрі мәтін бойынша – шырынсыққыш, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

Құрылғының пайдалану аясы

Бұл құрылғы осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Бұл құрылғыны өнеркәсіптік мақсатта пайдалануға тыйым салынады. Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқауда қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

Құрылғының сипаттамасы

Иірмекті электр шырынсыққыш жеміс-жидектерден және көкөністерден, сондай-ақ тамақты дәмдеу үшін қолданылатын тамырлы өсімдіктерден және тамақтың дәмін келтіретін хош иісті шөптерден мүмкіндігінше көп шырынды сығып алуға арналған. Иірмекті шырынсыққыштарда шырынды иірмектің төменгі айналу жылдамдығымен суық күйдегі сығу технологиясы пайдаланылады. Мұндай технология түрлі-түсті жемістер мен көкөністер құрамында болатын сығылған шырындағы аса пайдалы мол компоненттерді сақтап қалуға мүмкіндік береді. Дәл осы иірмектің төменгі айналу жылдамдығы өнімдерді баяу сығу процесінде өнімдердің төменгі температурасын қамтамасыз етеді де, өнімдер құрамындағы дәрумендердің, микроэлементтердің және басқа да пайдалы заттардың мөлшері барынша мол шырын алуға мүмкіндік береді.



1. Жүктеу саңылауы
2. Жоғарғы қақпағы
3. Иірмек
4. Сүзгі-торы
5. Сүзгі ұстағышы
6. Жұмыс тостағаны
7. Шырын ағатын шүмегі
8. Шырынға арналған бітеуіш
9. Сығындыларға арналған күнжара шығатын шүмегі
10. Сығындыларға арналған бітеуіш
11. Басқару панелі
12. Құрылғының корпусы
13. Сығындыларға арналған контейнері
14. Шырынға арналған сүзгісі бар контейнері
15. Пластик итергіші
16. Құралды тазалауға арналған шағын қылшағы


Құрылғының жиынтықтылығы

1. Құрылғы
2. Сығындыларға арналған контейнері
3. Шырынға арналған сүзгісі бар контейнері
4. Пайдаланушының нұсқаулығы
5. Кепілдік талоны

Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау

1. Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап шығарып алыңыз, содан кейін құрылғымен бірге жеткізілген, оның жеткізілім жиынтықтығына кіретін барлық құрамдас бөлшектері мен керек-жарақтарын, қондырмаларын қарап, тексеріп шығыңыз, олардың барлығы бар болғанына, сонымен қатар құрылғымен бірге жеткізілетін оның барлық құрастыру бірліктерінің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
2. Құрылғыны алғашқы рет пайдаланудың алдында, оның тағам өнімдермен жанасатын барлық бөліктерін және қондырмаларын, сонымен бірге оның бөлшектері мен керек-жарақтарын жылы сабынды суда жақсылап жуыңыз да, ыстық сумен бірнеше рет жақсылап шайып шығыңыз, содан кейін құрғақ шүберекпен жақсылап сүртіп шығыңыз да, олардың барлығы әбден толықтай құрғақ болғанша кептіріңіз. Бірақ құрылғыны және оның бөлшектері мен керек-жарақтарын тазалау барысында, құрамында беттік-белсенді және абразивті заттары бар жуғыш не тазартқыш құралдарын және метал сымы бар қылшақтарды немесе металл жөкелерді/ысқыштарды, сондай-ақ органикалық ерітінділерді ешқашан қолданбаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құрылғыны құрастырып жинамас бұрын, оның жұмыс тостағанының (6) төменгі бөлігіндегі (оның түбі жағында орналасқан) силиконды тығыздағыштың дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз. Егер тығыздағыш дұрыс орнатылмаған болса (яғни, тостағандағы шырын шығатын арнасы силиконды тығыздағышпен тығыз жабылмаған болса) тостағаннан су/шырын ағып кетуі мүмкін, бұл жағдайда тостағаннан шырынның/судың ағуы құрылғының бұзылу себебіне айналуы мүмкін.



Силиконовый уплотнитель – силиконды тығыздағыш

- Құрылғының шырынға арналған бітеуішін (8) шырынға арналған шүмегінің ойығына (7) тығыз кіретіндей етіп орнатыңыз.




- Содан кейін оның сығындыларға арналған бітеуішін (10) сығындыларға арналған күнжара шығатын шүмегінің ойығына (9) орнатыңыз.



Құрылғыны құрастырып жинау реттілігі.

1. Құрылғының корпусын (12) тек негізі орнықты әрі тегіс үстелдің бетіне орналастырып қойыңыз.
 2. Құрылғының корпусына (12) оның жұмыс тостағанын (6) орнатыңыз, ол үшін құрылғының корпусы (12) мен тостағанның (6) артқы жағында орналасқан декоративтік қаптамасын біріктіріп, оны сағат тілінің бағытымен тірелгенше бұраңыз.
 3. Сүзгі-торын (4) сүзгі ұстағышына (5) орнатыңыз.
 4. Сүзгі-торын оның ұстағышымен бірге құрылғының жұмыс тостағанына орнатыңыз, ол үшін сүзгі-тордағы және жұмыс тостағанның жоғарғы шеңберіндегі садақ оғының белгілерін бір біріне тура келетіндей етіп біріктіріп орналастырыңыз.
 5. Иірмекті (3) сүзгі-торына (4) орнатыңыз. Иірмектегі (3) алтықырлы білігін құрылғының корпусында (12) оның жоғарғы жағында орналасқан қозғалтқыштың сыртқы алтықырлы білігіне тура келетіндей етіп біріктіріңіз.
 6. Иірмекті (3) қозғалтқыштың білігіне сәл күш салып орнатыңыз, содан кейін оның толық қонуын қамтамасыз ету үшін оны сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
 7. Құрылғының жоғарғы қақпағын (2) оның жұмыс тостағанына (6) орнатыңыз және оны сағат тілінің бағытымен, ол толығымен бекітілгенше бұраңыз.
- Сығындыларға арналған контейнерін (13) сығындыларға арналған күнжара шығатын шүмегінің (9) астына орналастырып қойыңыз.
 - Шырынға арналған контейнердің ішіне (14) торлы сүзгісін орнатыңыз, содан кейін шырынға арналған контейнерін шырын ағатын шүмегінің (7) астына орналастырып қойыңыз.



Назар аударыңыз! Құрылғының қауіпсіздік жүйесі құрылғыда қандай да бір бөлшегі дұрыс орнатылмаған және бекітілмеген болса, шырынсыққышты іске қосуға мүмкіндік бермейді, алайда бұл құралды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы талаптары сақталуы тиіс, яғни пайдаланушы электр құралымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын өздігінен сақтауға тиісті болады.

Құрылғыны пайдалану

1. Бұл нұсқаулықтың жоғарыда келтірілген нұсқамаларын қолдана отырып, құрылғыны құрастырып жинаңыз.
2. Құрылғыны іске қосар алдында, балдыр мен шырын жинайтын контейнерлерінің дұрыс орнатылғанын тексеріп алыңыз.


3. Жидек-жемістер мен көкөніс өнімдерін құрылғының сығу камерасына итеріп жіберу үшін тек құрылғының жеткізілім жиынтығына кіретін итергішін (16) пайдаланыңыз.

Назар аударыңыз! Құрылғыдағы жидек-жемістер мен көкөніс өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауларына саусақтарыңызды еш уақытта салмаңыз және басқа затты да салуға тыйым салынады. Жидек-жемістер мен көкөніс өнімдерін құрылғының сығу камерасына оның жүктеу саңылауы арқылы итеріп жіберу үшін тек оның пластик итергішін пайдаланыңыз.

4. Жидек-жемістер мен көкөніс өнімдерін өңдеу алдында дайындаңыз.

- Жидек-жемістер мен көкөніс өнімдерін алдын-ала жақсылап жуып тазалаңыз.
- Шырын сығып алу алдында, көкөністердің, жидектердің, жемістердің жеміс сабақтарын алып тастаңыз, сонымен қатар көкөністердің және жемістердің жеуге жарамайтын қатты не қалың қабықтарын аршып алыңыз, сондай-ақ сүйегі бар жемістерден, мысалы шабдалы, өрік не шиеден шырын алғыңыз келсе, алдымен сүйектерін алып тастаңыз, және т. б., алма, алмұрт сияқты немесе цитрус жемістерінің ақ жұмсағын, өзегін және дәндерін алып тастаңыз.
- Ірі жемістер мен көкөністерді қажет болса, құрылғыдағы тағам өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауына оңай түрде түсіп өтетіндей етіп шағын бөліктерге тілімдеп тураңыз.

5. Жидек-жемістер мен көкөніс өнімдерін жуып, аршып даярлаған соң, бұл алдын-ала туралған көкөністерді немесе жемістерді құрылғыдағы тағам өнімдерін салуға арналған (1) жүктеу саңылауына біртіндеп жайлап түсіріп салыңыз да, оларды итергіштің көмегімен сәл басыңқырап, құрылғының сығу камерасына итеріңіз.



6. Электр желілік баусымын электрлік қоректену желіге жалғастырып қосыңыз, содан кейін «ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ/РЕВЕРС» («ON/O/R») ауыстырып қосатын тетігін (11) ON қалпыға қарай орнатып ет құрылғыны іске қосыңыз.

Назар аударыңыз! Шырынсыққыштың тағам өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауына өнделетін өнім салынбаған болса, құрылғыны іске қоспаңыз.

7. Жидек-жемістер мен көкөніс өнімдерін құрылғының сығу камерасына оның жүктеу саңылауы арқылы итеріп жіберу үшін тек оның пластик итергішін (16) пайдаланыңыз. Өнделетін өнімді итергішпен қатты баспаңыз, өйткені бұл алынатын шырынның мөлшерін азайтып жіберуі мүмкін, тіпті иірмектің айналмай қалуына әкелуі мүмкін. Көкөністер немесе жемістер неғұрлым баяу сығылса, соғұрлым шырын көп шығады.

8. Құрылғы жұмыс жасауды аяқтағаннан кейін оны «ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ/РЕВЕРС» («ON/OFF/REV») ауыстырып қосатын тетігін (а) OFF қалпыға қарай орнатып құрылғыны сөндіріңіз, содан кейін құрылғының электр желілік баусымын электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз.

Назар аударыңыз! Шырынсыққыштың үздіксіз жұмыс істейтін максималды уақыты 20 минуттан аспауы керек, одан кейін 10 минутқа дейін үзіліс жасап отыру керек.

«РЕВЕРС» функциясы

Егер жұмыс барысында шырынсыққыш шамадан көп жүктелудің салдарынан кенеттен тоқтап қалатын болса, бұл жағдайда құрылғыдағы қозғалтқыштың айналу бағытын өзгертіп, кері бағытта іске қосу – РЕВЕРС функциясын қолданыңыз. Оның электр желілік баусымын электрлік қоректену желісінен ажыратпай «ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ/РЕВЕРС» («ON/OFF/REV») ауыстырып қосатын тетігін (а) REV қарай орнатып кері шығару функциясын қосыңыз.

Құрылғыны пайдалану бойынша нұсқаулар мен кеңестер.

- Шырынсыққыштың тағам өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауына көкөністер мен жидек-жемістерді бірден көп мөлшерде салуға болмайды, өйткені құрылғы шамадан көп жүктелудің

себебінен тоқтап қалуы мүмкін, сондықтан құрылғының шамадан тыс жүктелуіне жол бермеңіз. Шырынсыққыштың тағам өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауына жидек-жемістер мен көкөніс өнімдерін шағын көлемде, біртіндеп салған дұрыс. Алдын-ала туралған көкөніс пен жидек-жемістерді құрылғыдағы тағам өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауына тек шырынсыққыш жұмыс істеп тұрған кезде (яғни оның иірмегі айналып тұрған кезде) ғана салыңыз.

- Құрылғының жұмысы барысында сүзгі-тордың жұмсақтармен бітеліп қалмауын уақытылы тексеріп отырыңыз және қажет болған жағдайда оның сүзгі-торын қалдық жұмсақтардан-күнжарадан тазалап тұрыңыз. Құрылғыдан сүзгі-торын шешіп алу үшін шырынсыққышты бөлшектеу алдында, оның электр желілік баусымның ашасын электр розеткасынан суырып алу керек.
- Құрылғыдағы сығындыларға арналған күнжара шығатын түтіктің ішінде жұмсақтың не сығындылардың бітеліп қалуын болдырмаңыз. Шырынсыққыштың жұмыс аймағын жұмсақтың немесе сығындылардың бітелуінен тазарту талаптарына ұқыпсыз қатынаспен қарау, яғни шырынсыққыштың жұмыс аймақтары сығындылардың қалдықтарынан ұқыпсыз тазартылған болса, онда бұл құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Жемістер мен көкөністерден шырын сығу кезінде алынған шырының мөлшері жемістердің, көкөністердің түріне және балғындығына байланысты болатыны есте сақтаңыз. Тек балғын көкөністер мен жемістерді пайдаланыңыз, себебі олардың құрамында шырын көп болады.
- Қабығы жұқа көкөністер мен жемістерді тазартудың қажеті жоқ. Тек желінбейтін қатты не қалың қабығы бар өнімдерді ғана аршу керек, мысалы ананастың немесе піспеген шикі қызылшаның қабығын аршыңыз.
- Шырын сығып алу алдында, сүйегі бар көкөніс пен жемістерден шырын алғыңыз келсе, мысалы қараөріктің, шабдалының және т.б. сүйектерін алып тастаңыз, кері жағдайда жемістердің ішіндегі сүйектері құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Қатты және талшыққа бай жемістер мен көкөніс өнімдерінен (мысалы, балдыркөктерден, сәбізден) шырын сығып алу үшін, оларды қалыңдығы 1,5-2см-ден және ұзыннан алғанда ұзындығы кем дегенде 2см-ге дейін келетіндей етіп алдын-ала кесіп алыңыз.
- Алма шырынын дайындаған кезде, алма шырынының қоюлығы және қанықтылығы алманың сұрыпына байланысты болатынын есте шығармаңыз. Алманың шырындылығы неғұрлым көп болса, соғұрлым шырын сұйық және оның түсі мөлдір болып шығады. Сондықтан, алма шырынын Өзіңіз ұнататын алма сұрыпынан дайындаңыз.
- Алма шырыны қарайып, тез қоңырланып кетеді, бірақ оған лимон шырынының бірнеше тамшысын тамызып жіберсе бұл шырынның қараю процесін тоқтатады.
- Шырынды сығып алғаннан кейін бірден ішуге ұсынылады, өйткені ауада ұзақ уақыт сақталған кезде шырын өзінің дәмдік сапасын және тағамдық құндылығын жоғалтады.
- Шырынды көп мөлшерде алу үшін, жеміс-жидектерді және көкөністерді құрылғыдағы тағам өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауына әрдайым итергіштің көмегімен сәл басыңқырап баяу итеріп отырыңыз.
- Шырынсыққыш кокос, айва, рауғаш немесе қант құрағы сияқты өте қатты, талшықтары көп өнімдерді өңдеуге арналмаған.

Құрылғыны тазарту және оған күтім көрсету

Шырынсыққышты тазалау үдерісі тек құрылғыны әрбір пайдаланып болғаннан кейін ғана емес, сонымен қатар, жеміс-жидектер мен көкөністерді шырынсыққышта өңдеу процесі кезінде де мезгіл-мезгіл сайын жүргізіледі.

Өздігінен тазаланатын функциясы (құрылғыны пайдаланар алдында).

- Шырынсыққышты құрастырып жинаған соң, құрылғыдағы сығындыларға арналған күнжара және шырын шығатын саңылауларын стопперлердің көмегімен жабыңыз.
- Шырынсыққыштың электр желілік баусымын электр желісіне жалғастырып қосыңыз.
- Содан кейін құрылғыдағы тағам өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауына 500 мл су құйыңыз да, содан кейін «ISKE ҚОСУ/СӨНДІРУ/РЕВЕРС» («ON/O/R») ауыстырып қосатын тетігін (11) ON қалпыға қарай орнатып ет құрылғыны іске қосыңыз. Құрылғыда тазалау үдерісі аяқталған соң, құрылғыдағы сығындыларға арналған күнжара және шырын шығатын саңылауларын ашыңыз.

Шырынсыққышты әрбір пайдаланып болғаннан кейін тазалау.

- Жұмысты аяқтаған сайын немесе тазалау алдында құрылғыны өшіріп, оны электр желісінен ажыратыңыз. Шырынсыққыштың электр желілік баусымның ашасын электр розеткасынан суырып ажыратпас бұрын, қолыңыздың құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Шырынсыққышты құрастырып жинау реттілігіне кері ретпен бөлшектеңіз:
 1. Итергішті құрылғыдағы тағам өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауынан шығарып алыңыз.
 2. Құрылғының жоғарғы қақпағын сағат тіліне қарсы бұрап, тостағаннан шешіп алыңыз.
 3. Шырынсыққыштың жұмыс тостағанын құрылғының корпусынан (моторлық блоктан) шешіңіз.
 4. Тостағаннан иірімекті, содан кейін сүзгі-торын және сүзгі ұстағышын шығарып алыңыз.
 5. Құрылғыдағы сығындыларға арналған күнжараның жұмсағын шығаратын арнасын толығымен тазартып алу үшін, оның жұмыс тостағанының төменгі бөлігінен (оның түбі жағында орналасқан) силиконды тығыздағышын шығарып алыңыз.
- Шырынсыққышты пайдаланып болған соң, оның барлық алынбалы бөлшектерін бірден бейтарап жуу құралы қосылған жылы сумен жуып тазартуға ұсынылады. Шырынсыққыштың барлық алынбалы бөлшектерін жуып тазалағаннан кейін оларды салқын, таза судың астында жақсылап шайып жіберіңіз де, құрғақ сулықпен сүртіп шығыңыз және әбден құрғақ болғанша кептіріңіз.

Назар аударыңыз! Шырынсыққыштың сүзгі-үгіткішін (сүзгі-торын) және басқа да алынбалы бөлшектерін жуу үшін ыстық су мен ыдыс жуғыш машинаны пайдалануға тыйым салынады.

- Шырынсыққыштың сүзгі-торын тазалау үшін тек құрылғының жеткізілім жиынтығына кіретін қылшағын қолданыңыз.

Назар аударыңыз! Шырынсыққыштың сүзгі-торын жуып тазалаған кезде абай болыңыз, оны бүлдіріп алмаңыз.

- Шырынсыққыштың корпусын (моторлық блогын) сәл ғана ылғал матамен сүртіп шығыңыз, содан кейін құрғақ сулықпен әбден құрғатып сүртіңіз.

Назар аударыңыз! Электрқозғалқыштың блогын суға немесе басқа да кез келген сұйықтыққа батыруға және оны ағып тұрған судың астында жууға тыйым салынады.

Құрылғыны тасымалдау және сақтау жөніндегі ережелері.

- Құрылғыны құрастырып жинаңыз және сақтау үшін құрғақ жерде орналастырып қойыңыз.
- Құрылғыны балалардың және мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Электрлік құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және 5°C-тан кем емес, сонымен салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлік құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.
- Құрылғыны тек оның түпнұсқалық зауыттық орама мен қаптама қорабында тасымалдауға рұқсат.
- Электрлік құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және жүк тиеу-түсіру жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады. Құрылғыны тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық ораманы және қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Ескертпе: Құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.

Ақауларды іздестіру және оларды жою тәсілдері

Ақауларға қатысты мәселелер	Мүмкін себебі	Ақауларды жою тәсілдері
Жұмыс барысында шырынсыққыш кенеттен тоқтап қалады.	1. Құрылғының электр желілік баусымының ашасы электр розеткасына жалғанып қосылмаған.	1. Құрылғының электр желілік баусымының ашасы электр розеткасына жалғастырыңыз.
	2. Шырынсыққыштың тағам өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауына көкөніс не жидек-жемістер көп мөлшерде жүктелді.	2. Алдымен құрылғыда РЕВЕРС функциясын іске қосыңыз, бұл режимді 2-3 секунд бой пайдаланыңыз, содан кейін шырын сығып алу режимін қайтадан қосыңыз (бұл процесті 3 рет қайталаңыз). Егер құрылғының жұмысын қалыпты қалпына келтіруге болмаса, онда оның электр желілік баусымының ашасын электр желісінен ажыратыңыз да, оны бөлшектеп алыңыз, содан кейін құралды толық тазалап шығыңыз да, қайта құрастырып жинаңыз.
	3. Шағын бөліктерге кесілмеген қатты жемістер мен көкөністер.	3. Қатты жемістер мен көкөністерді өңдеу алдында шағын бөліктерге турап алыңыз.
	4. Шырынсыққыштың үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығы 20 минуттан асып кетті.	4. Шырынсыққыштың электр желілік баусымының ашасын электр желісінен ажыратыңыз, құрылғы ол толық суығанша 10 мин. күте тұрыңыз.
Жидек-жемістер мен көкөністерден шырын сығу кезінде алынған шырының мөлшері тым аз болып шықты.	Жидек-жемістер мен көкөністер тоңазытқышта тым ұзақ уақыт сақталған.	1. Тек балғын көкөністер мен жемістерді пайдаланыңыз. 2. Жемістерді, көкөністерді, жаңғақтарды алдын-ала таза суға салып қою керек.
Құрылғыда жұмыс тостағанының төменгі бөлігінен (оның түбінен) шырын ағып жатыр.	Жұмыс тостағанының төменгі бөлігінде (оның түбі жағында орналасқан) силиконды тығыздағыш дұрыс орнатылмаған.	Жұмыс тостағанының төменгі бөлігіндегі (оның түбі жағында орналасқан) силиконды тығыздағыштың дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз, қажет болса оны қайта орнатыңыз.
Құрылғының жұмысы барысында әдетте шуыл шығады.	1. Құрылғы дұрыс құрастырылып жиналмаған шығар.	1. Шырынсыққыштың дұрыс құрастырылып жиналғанына көз жеткізіңіз.
	2. Құрылғы тегіс емес жерге орнатылған.	2. Құрылғыны тек негізі орнықты әрі тегіс үстелдің бетіне орналастырып қойыңыз.
	3. Құрылғыда жемістер мен көкөністерді баспалау кезінде әдетте шуыл шығады.	3. Құрылғыда кейбір жемістер мен көкөністерді баспалау кезінде одан әдетте шу дыбыстары шығарылуы мүмкін.
Құрылғыда жемістер не көкөніс өнімдері сығылғаннан кейін, оның жұмыс тостағаны және сығындыларға арналған балдыр мен шырын жинайтын контейнерлері боялды.	Кейбір өнімдер, мысалы, сәбіз немесе қызылша, шырынсыққыштың пластик бөлшектерін бояп тастауы мүмкін.	Шырынсыққышты пайдаланып болғаннан кейін оны бірден жуып-шайып тазалаңыз.

Назар аударыңыз! Егер де, туындаған мәселені Сіз жоғарыда сипатталған қадамдарын қолдана

отырып, өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, тұтынушыларды қолдауға арналған Авторизацияланған (Уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар

- Бұл құрылғы тек қана үй тұрмыс жағдайында, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс.
- Құрылғы тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Әр жолы құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Бұл құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны электр желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, дене қабілеттігі шектеулі, сенсорлық қабілеттілігі төмен, яғни сезімдік не болмаса ақыл-ой деңгейі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану үшін білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- **Назар аударыңыз! Бұл құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Бұл құрылғыны тек ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Бұл құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш не жалғастырғыш құрылғыны және үшжақты жалғаулық секілді ұшайыр біріктіргіш қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның ашасын электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, оның сөндірілген күйінде екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны бөлмеден тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғы және оның электр желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни оның зақымдалуына әкелетін себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек, (құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа да кез келген сұйықтыққа батырып салуға мүлдем болмайды). Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны ылғал қолмен ұстауға болмайды. Құрылғы дымқылданса, оның электр желілік баусымның ашасын бірден электр желісінен ажыратып алу қажет.
- Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электр желілік баусымның ашасын бірден электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.
- Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін және оны тазартпас бұрын немесе құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, сондай-ақ, құрылғының керек-жарақтарын не бөлшектерін орнатпас бұрын, құрылғыны әрдайым сөндіріп, оның желілік баусымның ашасын электр желісінен ажыратыңыз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғыны электр желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электр желілік баусымнан ұстап тартқылап, электр желісінен ажыратуға тыйым салынады. Шырынсыққыштың электр желілік баусымын электр желісінен ажыратқан кезде, тек қана оның ашасынан ұстаңыз.

- Әр жолы құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін, оның электрлі қоректендіргіш баусымын құрылғыға айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда құрылғының электрлі қоректендіргіш баусымын дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын техникалық біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі маман тарапынан, сондай-ақ, жоғарыда аталған техникалық білікті мамандарының санатына жатпайтын тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Құрылғыны жөндеу және қарап-тексеру, сондай-ақ, оның қалыпты күйге келтіру жұмыстарын тек техникалық білікті мамандарының санатына жататын тұлға тарапынан ғана жүзеге асырылуы тиіс, яғни аталған жұмыстарды қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек оның түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін ғана пайдалану қажет.
- Сіздің үйіңіздегі желілік розеткалар барлық жағдайларда қуат көзінің АС кернеуіне сәйкес болатын және өз еліңіздегі қауіпсіздік стандартымен бекітілген және соған сай болатын қуат көздерін ғана пайдаланыңыз. Бір мезетте бірнеше қуатты электр құралдырын қосу үшін желілік ұзартқыштарды пайдаланбаңыз. Желілік ұзартқышты пайдалану барысында, оған бірнеше қуаттылығы мықты электр құрылғылар қосылған болса, бұл құрылғыны іске қосу үшін пайдаланбаңыз.

Бұл электр құрылғымен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар

- Бұл құрал тек қана тұрғылықты бөлмежайларда пайдалануға арналған және коммерциялық немесе өнеркәсіптік мақсатта қолдануға болмайды. Бұл құралды бөлмежайдан тысқары жерде, көшеде яғни далада, сондай-ақ тікелей мақсаты бойынша емес пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны пайдаланар алдында оны тек негізі орнықты көлденен тегіс үстелдің бетіне не жиһаздың жұмыстық қабатына орналастырып қойыңыз.
- Шырынсыққышты үстелдің үстіне төселетін асжаулықтың үстіне, төселген майлық, сулық және сүлгінің үстіне орнатуға тыйым салынады. Жұмыс барысында құрал мен оны орнатқан қабаттың арасында көзге көрінетін саңылау болу қажет, бұл саңылау қозғалтқыштың аймағындағы ауа алмастыруы дұрыс болғанына қажет.
- Шырынсыққышты іске қосар алдында, оның барлық бөлшектердің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. ***Құралдың бөлшектерін дұрыс құрастырмау салдарынан пайда болған ақаулықты жою кепілдікті қызмет көрсету міндетемесіне кірмейді.***
- Пайдалану барысында шырынсыққышты жылжытуға, оның орнын алмастыруға және тасымалдауға тыйым салынады.
- Құралдың орнын ауыстырар алдында, оның бөлшектерін орнату немесе оларды алмас бұрын, сондай-ақ оны тазарту да алдында қашанда құралды желіден ажыратыңыз.
- Желілік сымның үстелден салбырап тұрмағанын және ыстық қабаттардан қауіпсіз қашықта тұрғанын қадағалаңыз.
- Қатты көкөністер мен жемістерден көп мөлшерде шырын дайындаған кезде шырынсыққышты ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдалануға болмайды. Бұл құрал ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеуге арналмаған, сондықтан шырынсыққыштың үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығы 20 минуттан аспауы керек, содан кейін 10 минут уақытқа үзіліс жасап отыру керек, бұл мотордың салқындауы үшін қажет.
- Құрылғыдағы жидек-жемістер мен көкөніс өнімдерін салуға арналған жүктеу саңылауларына (наушаға) саусақтарыңызды еш уақытта салмаңыз және басқа затты да салуға тыйым салынады.
- Жидек-жемістерді/көкөніс өнімдерін құрылғының сығу камерасына оның жүктеу саңылауы арқылы итеріп жіберу үшін тек құрылғының жеткізілім жиынтығына кіретін итергішін пайдаланыңыз.
- Сүзгіні шырынсыққышқа орнатқанда, оны алу барысында немесе оны тазартқанда абай болыңыз, себебі, сүзгінің кесетін бет жүздері (қабаты) өте өткір.

- Сүзгіні орнатқанда оның шырын жинауға арналған жұмыстық сыйымдылықтың негізіне дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Шырынсыққышты пайдалану барысында, оны мезгіл-мезгіл сайын бөлшектеп, оның әр жұмыс бөлшегін тазалап тұрыңыз, шырын және сығындылар шығатын түтіктердің ішінде және сүзгі-үккіштің торлы санылауларында жұмсақтың тұрып қалмауын қадағалаңыз.
- Жұмыс барысында құрылғының қақпағын ашуға және шырынсыққышты қақпақсыз іске қосуға тыйым салынады.
- Электрқозғалтқыш бөлігінің қандай да бір бөлшегін ашуға тырыспаңыз.
- Шырынсыққышта кокос, айва, рауғаш немесе қант құрағы сияқты өте қатты, талшықтары көп өнімдерді өңдеуге тыйым салынады.

Құрылғының техникалық сипаттамалары

PSJ 0506 - POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электр шырынсыққыш

Кернеуі: 220 – 240 В

Жиілігі: ~50 Гц

Құрылғының максималды қуаттылығы: 420 Вт

Номинал қуаттылығы: 180 Вт

Қорғаныс жіктелімі - I

Құрылғының өңделіп шығарылған күні мен жылы туралы ақпарат құрылғының сыртында, оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

***Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.*

Құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

Сертификаттау жөніндегі ақпарат

Бұйым КО ТР 004/2011 "Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы", КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі", ЕАЭО ТР 037/2016 "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы" талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен аласыз.



Бұйымның қызмет ету мерзімі: 3 жыл.

Бұйымға берілетін кепілдік мерзімі: 24 ай.

Тауарды өткізу ережелері белгіленген емес

Өндіруші:

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД

1801 Блогі, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг

Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Қытайда жасалған.

Импорттаушы:

"Континент" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 ғимарат. 13-бөлме.

Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: Тұрмыстық электр шырынсыққыш

Үлгісі: PSJ 0506

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 24 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ заңнамасына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

6. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
7. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
8. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін, келесі жайттердің нәтижесінде пайда болған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлерінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қондырмалар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
 - Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды.
9. Өндіруші келесі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер де бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық мәліметтері жойылған, жойылып

кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдарының нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

10. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: www.polar.ru

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алған күнін растау үшін, сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттар, бұл толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен сатып алған орнын растайтын басқа да құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алған күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйымды өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өндіріліп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан.